

Өнегесі өміршен



Өнегесі өміршен

26.08.2016

Жаратқанның мандайына жазып берген тіршілігінде сан қиындықты бастан өткерсе де мойымаған, қайта ауырлықтың зіл батпан салмағы артқан сайын ширегіп ширайтын, ақылы мен еңбегі екі жақтап, табандылығын таныта отыра ұдайы алға

умтыла түсетін жігерлі адамдардың түптің-түбінде, әйтеуір, бір үлкен жолға шығып, абырой биігіне де жөніспен жететіні анық.

Мұндай кісілердің өмірдегі талмас күресі, жамандықпен таймас тіресі арқылы әулетіне үлкен үлгі, өрісті өнеге көрсетіп, ұрпағын адамдыққа, адалдыққа тәрбиелеуімен де, балаларының білімді болуы үшін бар күші мен бүкіл жиган-тергенін салып, оларды отбасының ғана емес, елдік істерді алға апарушы етіп өсіруімен де халықтың ризашылығына бөленгенін көпшілікке қалай кенінен жеткізгін келмейді?! Осы айтқанымыздың бәрі де биыл туганына жүз жыл толып отырған Әлкен Жапарұлы сияқты туғырлы тұлғаға дәл келеді десек, артық кеткендік болмас деген ойдамыз.



...Арка онірінде де ақ пен қызыл-дың сойқан соғысының елге кес-апаты көп тиді. Жапар бабамыз, ба-ла-шаға-сын аман сақтау үшін, тобе-сі-нен үшқан күстың канаты, тосі-нен жорт-қан анның твґагы талат-ын беді-рей-ген Бетпак шолді жаяу-лап ке-сіп от-іп, жолда сексеуілі серей-ген мой--ны ұзак Мойынқум жерін де арт--қа тас-тап, қырғыздың Кара-бал-та ка--ла--сына жетіпті. Сойтіп, осын-да--ғы орыс қулағына жалданып күн кеш--кен. Сонда бала Әлкен 14 жаста екен.

Тагдырдын жолы сан тарау. Кей-де онын арынды агысы эркімді эр кий-рга ай-шайга каратпай алыстатып агызып экетеді... Атамыздын экеси-мен бирге ендігі орныкты орын тепкені Мойынкүм өнірі болып шыгады. Сол түста, 1932 жылы эйгілі Ораз Жандосов баскаратын арнайы комиссиянын эрекет жасауымен кыргызга ауып кеткен біраз казак елге оралган-ды.

Ол кезде Шу ауданы Алматы облысына карайтын. Ал онын бір болігі Мойынкүм (Ол кезде – Гуляев, селонун негізін калаган орыс копесі). 1932 жылдын желтоксан айынан бас-тап Кыргызстаннан осы жакка кошп келушілер кобейе түскен еді. Себебі, олар үшін азык-түлік комегі (продпомощ) болінген. Алайда, азапты аштык жалгаса берді. Онын артында халыкты кыруга ниеттенген зүлымдык саясаттын сүмдык сойылы созылып сарайып түрган...

Жап-жас Элкен осынын бөрінен Коскүдык леспромхозында жұмыс істеп жүрп кана аман калгандай. 1938 жылы 22 жасында тура осы Мойынкүм жерінен эскерге алынып, Батыс Украинада темірдей тэртиптін тезіне түседі. Козі ашык, кокірегі ояу, орысша жаксы сойлейтін, пысык, епті, жалындап түрган жас жігіт тез танылып, командирлері оны бай-ла-нышылыкка бейімдейді. Коп уакыт отпей-ак, тіпті, партия катарына кабыл-данады. Сойтп жүрп 1939-1940 жылдардагы фин согысына катыскан казактын бірі болды. Енді оны 1941 жылы маусымда басталган Үлы Отан согысынын канды кыр-гыны күтп түр еді. Сонымен, 1945 жылгы мамырда жауыз жаудын ордасы – Рейхстаг тобесінде Женіс туы желбірегенше Екінші Украин майданы күрамында ок пен оттын ортасында жүрді. Караниетті каской жау-мен арыстандай айкасып, кеудесіне екінші, үшінші дәрежелі «Данк» және «Кызыл Жүлдыз», сондай-ак, екі рет «Отан согысы» ордендері тагылды. Бүган коса бірнеше жауынгерлік медальга ие болды. Ел корганы бол-ган Агыбай мен Балта батыр ата-лары--нын ерлік істерін жастайы-нан жадына түйп өскен Элекен калайша каңарман жауынгер, батыл да батыр майдангер атанбайды!

Байланышылар взводы коман-дирінін орынбасары, старшина Элкен 1945 жылы Польша жерінде Висла озеніндегі жан беріп, жан алыскан сүрапыл шайкаста ауыр жараланады. Содан кейін бір жылдан аса Украина, Эзербайжан, Ресейдегі эскери гос-питальдарда жатып, жаракаты жазыл-ган сон 1946 жылы кайта сап--ка оралган. Ол жакта да мыкты жауын-гер, батыл байланышы аса кажет болгандыктан шыгар, эйтеуір, коман-дирлері оны еліне жіберуге асык-пайды. Эскерге алынганына тек сегіз жыл откеннен кейін гана бір айлык демалыс беріліп, туган жеріне атбасын бүруына мүмкіндік туады. Ол түста Коктерек (казіргі Мойынкүм) ауданынын эскери комиссары түсінігі мол, әділдікті жактайтын орыс азаматы екен. Дэл сол кісі Элекеннін экеси Жапар аксакалдын осыдан біраз жыл бүрын кайтыс болып, вй іші-нін асыраушысынан айырылганын ескеріп, эскерден мүлдем босауына коментесіпті. Сойтп, кан кешіп келген майдангердін, Женіс

жауынгерінің бейбіт өмірдегі берекелі еңбегі басталып жүре берген.

Белсенді жігітке басшылар сенді, ел үмітпен карады. Өрі малдың жайын жақсы білетін казактың бірі емес пе?! Оның үстіне Талғар қаласындағы ауыл шаруашылық техникумының бір жылдық курсың бітіріп те алды. Содан Талдыозек ауылының бірдей мал дәрігері болып шыға келеді. Қол ұзамай колхоздың торағалығына сайланып, сан-салалы жұмысын донғелетіп әкеткен. Кейіннен колхоз-дар-дың ірілендірілгені белгілі. Соған сәйкес Фурманов атындағы совхоз құрылғанда «Талдыозек» болімше болып қалады. Өлекен бұл ауылшаруашылығы құрылымын табан аудармай 20 жыл басқарып, елге арналған еңбегімен ерекше көрінеді. Иә, иә, дәл осы жерде атамның басқару әдіс-тәсіліндегі екінші тынысы да ашылғандай еді. Жұмыстың жайын жетік білетін, бәрін де кенінен ойлап, кен пішетін, әрдайым әскери тәртіппен жүретін, әрқашан әділдікті сүйетін, ісі алымды, шаруасы шалымды, адал, турашыл, талапшыл жетекшінің болімшесі сол кездері күмді өмірдегі ең алдыңғы қатарлы шаруашылықтың сапынан табылып еді.

«Өлекеннің ерен еңбегін айт, басқарсан Өлекендей басқар!» деп жұрт жабыла риза болатын. Өлекен атамның Ленин орденін алған 1966 жылы болімшенің шопандары Роман Байжиенов, Дүйсенбай Айранбаев, бақташы Иген Аяпов, механизатор Александр Вильгельм де мұндай марапатқа ие болған-ды. Қойды жылдам қыркүдан бірнеше рет өлем бойынша алдына жан салмаған Шотай Тайбағаровтың да жұлдызы жарқырағаны осы кез еді. Олардың бәрі де осы жайсаң жанның артынан алансыз ерді, айтқанын бұлжытпай орындады. Шотай, тіпті, өз баласындай болып кетіп еді. Осыдан-ақ, бағамдай беріңіз, жемісті де жемісті жетекшілік дегеннің не екенін! Айтқандай, осы болімше туралы сол кезде одақтық «Правда» газеті де жақсылап жазған. Ленин, «Октябрь революциясы» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған, Республика Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын, «Қазак КСР ауылшаруашылығына еңбегі сінген қызметкер» атағын иеленген, Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне бірнеше рет қатысып, оның алтын, күміс медальдарын алған атамның, шын мәнінде, халқы қалаған, елі елеген ардақты азамат атанған-ды. Мойынқұм ауданының орталығы – Мойынқұм ауылының бір көшесіне есімінің берілуі де жерлестерінің ыстық ықыласын білдірмей ме! Осылайша, Өлекен атамның казактың қасиетті қара шалының бірі – екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев сияқты Мойынқұмның атак-данқын асқак-татқан халық мақтанышының бірі болды.

Еңбегімен елге ерекше танылған Өлекен отбасылық өмірде де өзіндік орнегін сала білді. 1950 жылы қоруге қоз керек көркем қыз Өсеммен бас қосып, шанырақ көтерді. Екеуі бақытты жұмыр кешті, ұл-қыз өсірді, оларға тәлімді тәрбие берді, адамдықтың үлгісін көрсетті, адалдықтың жолын нұсқады. Онегелі отбасы атанып, ауыл-аймақтың, ағайынның құрметіне боленді. Бүгінде 92 жастағы Өсем әжеміз балаларының ортасында

аман-есен отыр. «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» дегендей, мейірім шуағы тоғілген жылы жүзіне қарасан, баяғы бал күндерінің баяны сезілгендей болады да тұрады. Ал ауылдық, аудандық, облыстық кенестің бірнеше рет депутаты болып сайланған, аупартком мүшесі болған, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер атамыз 1987 жылы дүниеден өткен. Әжеміз шалын жиі-жиі есіне алып «Әй, Өлкен-ай, мені артына тастап ерте кетіп қалғанын не?!» деп күрсініп қояды. Бірақ, берекесі де, мерекесі де мол үлкен әулеттің асыл анасы әрдайым өскен-өнген ұрпағының тілеуін тілеп, елдің аман, жұрттың тыныш болуын қалайды. Қалайда қазіргі күніне шүкірана айтады.

Өлкен атамыз бен Әсем әжеміз сегіз үл-қызды аялап өсірді. Барлығы да әкелік, аналық енбектерін, сенімі мен үміттерін ақтады. Қазіргі кезде олардың бәрі де елге сыйлы, көпке қадірлі азаматтар. Түнгыштары Берікбол Жапаров әке жолын қуып, көп жыл басшылық қызметте істеді. Қазак ауылшаруашылығы институтының механика факультетін бітірген. Түрлі шаруашылықта бас инженер, білгір жетекші болған. Бекеннің, әсіресе, «Хантау» совхозын басқарғандағы әдемі іс-әрекеттері әлі күнге жұрт есінде. «Әке қорған оқ жонар» дегендей, Берікбол да өзге берік, жұмысқа мығым, іскер болды. Жалқауды аямайтын, енбекке етене берілгенді аялайтын, қай мәселені болсын әріден ойлап, ақылмен шешетін, елдің де жай-күйін жақ-сы білетін, үнемі ортақ шаруада жаналық ашып жүретін. Шалғайдағы Мо-йын--күмнан-ақ Ресей кәсіп-орын-дары---мен бай-ланыс жаса--ды, сой-тіп, темір кү-быр алдырып ауыл іші-не су күбырын жүргізу-ді бастап еді. Малы онімді, егісі түсімді болды. Ауданда алғаш рет Наурыз тойын дүрлідетіп өткізді. Сойтіп, совхозды алдыңғы қатарға шығарған. Қазактын тамаша азаматы, мықты кинорежиссері, маркум Аяған Шәжімбаевтың «Ауылым Хантауының баурайында» деген деректі фильм түсіргені де осы кез еді. Түнгыш үл артынан ерген қаралары – іні-қарындастарына әрдайым қамқор болып, бар білгенін үйретті, бәрін үғуға, әділетті, әдепті жүруге баулыды. Мүны да ақылман әке тәрбиесінің әсері-ау деп түсінуге болар, тегінде!

Бүгінде тоқсан екі жастағы Әсем әжеміз осы үлкен баласы мен келіні – білікті экономист, озі де аяулы әже атанған Бейшенкүлдің қолында. Ал-ғаш-қы келінін түсірген кездегі алыс-та сағымдай бүлдірап қалған әдемі әсерінен бе екен, айрықша жақсы қореді. «Бәрін де маған бірдейсіңдер ғой, бірақ, бәрібір Берікболым мен Бейшенкүліме жетпейсіңдер!» – деп үйдің берекесін кіргізіп отыр.

Өкесінің ерен енбегін, ақ-адал жүріс-тұрысын, әділ іс-әрекетін жанымен үғынып, тағылымды сөзін күлағына күйіп өскен Бекеннің спортшылығы да бар. Бар болғанда да көдімгідей – институтта жүргенде самбодан спорт шебері атанған. Қоніл хошы келгенде әуелетіп ән айтып та жібереді.

– Мектеп бітірерде, – дейді Берік-бол Өлкенұлы, – аудан орталығы-на әс-кери училище мамандары келіп, әңгі-ме откізді, яғни, оздеріне оқуға ша-қыр-ды. Менін офицер болуға ойым катт-ы кетті. Мұнымды сонау Сочиде дем а-лып жатқан әкем естіп қойса керек, сол жактан кідірмей ұшып кел-ді-ау! Айтқаны: «Ешқандай да әс-кери учили-щеге бармайсын, ауыл шаруа-шы-лығы институтына түссін. Ел ішін-де жүресін, абыройын артады, қар-нын тоқ болады». Бұл тағдыры тар жол, тайгак кешумен тартылған, оқ бора-ған, отқа оранған майдан даласында өмір мен олімнің ортасында жүрген әкенің мұндай сұмдықты енді балаларымның басына бермесін, олар тек еңбекпен тыныш, жақсы ғұмыр кешсін дегені екен ғой, бұгінде ойлап қарасам!

Ал Барыс Өлкенұлы Жапаров есімі елімізге де, одан тысқары жерлерге де белгілі ғалым, ғылым докторы, профессор, кешегі кенестік кезеңде одақ бойынша ең жас техника ғылымдары докторының бірі болған. Ғылыми атакты 32 жасында «Жүйелі талдау және автоматтық басқару» маман-дығы бойынша қорғады. Түркия-дағы Қазак елшілігінде кенесші қызметін атқарған дипломат. Мойынқұм ауданын-ын құрметті азаматы. Қазір Қазак-стан Республикасы Президенті Архивінің директоры. Үшінші ұлы Айдар Алматыдағы ірі құрылыс фирмасының вице-президенті.

Қ.Сәтбаев атындағы Қазак поли-тех-никалық университетінің «Бас-қарудың автоматтандырылған жүйе-лері» факультетін үздік дипломмен бітірген Гүлжамал Өлкенқызы бол-са, ел жүрегі – арайлы да асқак Астана-дағы «Тұран Астана» уни-вер-ситетінің ректоры, экономика ғылым-дарының кандидаты, профес-сор. Ол да осы зама-науи үлгі-дегі жоғары оқу орнын байыпты бас-қарып келеді, яғни, қазақтың санаулы ректор қызының бірі. Реті келіп тұрғанда айтайық, қазіргі кезде атал-ған университет дүние жүзіндегі 50-ден аса жоғары оқу орындарымен серіктестік байланыс орнатып отыр.

Басқа қыздары туралы айтсақ, Құләш белгілі дәрігер, осы салада ұзақ уақыттан бері жемісті қызмет етуде. Сәуле қаржы жүйесінің білікті маманы, Лаура да дәрігер, Астана қала-сының денсаулық сақтау саласында жұмыс істейді, ең кішілері Ләйла Алма-тыдағы туристік агенттікке жетекшілік етеді.

Міне, алып бәйтеректей жапыра-ғын кенге жайып мәуелеген, жақ-сы-лығы жұрт жадында қалып әуеле-ген, ұл-қыздарына ұлағатты тәрбие бер-ген, олардың келешегіне сенген ардақты Өлкен атамыздың балалары-ның әрқайсысы қазақ елінің бір-бір үлгілі де орнықты отбасы атанып отыр. «Адам ұрпағымен мың жасайды» дегеніміздің өзі де осы

шығар-ау!

Берікбай КАДЫКОВ,

журналист

АЛМАТЫ

<https://egemen.kz/2016/08/26/58685>